

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT

Конференция атауы:

«Жастар мен ғылым: бүгінгі мен болашағы» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы

Название конференции:

Сборник материалов Международной научно-практической конференции «Молодежь и наука: настоящее и будущее»

Conference name:

International Scientific and Practical Conference "Youth and Science: Today and the Future" Proceedings

Жинақ / сборник:

II том, 5 сәуір 2024, Атырау

ISBN:

978-601-262-550-9

Секция:

IV.II «ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН-АДАЛ АЗАМАТ»: ҚҰҚЫҚТЫҚ САНА МЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖАҢА БАҒЫТ-БАҒДАРЫ РЕТІНДЕ

Жинақтағы жариялану нөмірі:

№ 51

Мазмұндағы беті / жинақтағы беттер:

247 / 247-251

Автор(лар):

Жайберген Жұлдызай Айбатқызы

Мақала атауы:

КОРПОРАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ, КОРПОРАТИВТІК ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

КОРПОРАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ, КОРПОРАТИВТІК ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Жайберген Жұлдызай Айбатқызы

«Құқықтану» білім бағдарламасының 3 курс студенті

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, аға оқытушы, құқық магистрі - **Жағыпар Ж.Ж.**

Ел экономикасын дамытуда корпоративтік қатынастар және корпоративтік басқару мәселелері өзектілікке ие. Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев өз Жолдауларында атап өткендей, елімізде ондаған ұлттық холдинг, мемлекетке тиесілі мыңдаған кәсіпорын, квазимемлекеттік ұйым жұмыс істейді. Алайда олардың жұмыс нәтижесі мен сапасы туралы мәселе бар және бір-екісінде ғана корпоративтік басқару жүйесі өз деңгейінде. Бұл қалған ұйымдарда корпоративтік басқару жүйесін дамыту керектігін көрсетеді. Оның экономикадағы орны маңызды, себебі халықаралық тиісті деңгейдегі корпоративтік басқару жүйесінің болмауынан кәсіпорындар мен ұйымдар қор биржасы арқылы қаржы тарта алмайды.

Нарықтық қатынастарға өту жағдайында корпоративтік басқару, корпоративтік құқық саласының алатын орны ерекше. Басым көпшілігінде корпоративтік басқару жүйесі қалыптаспағандығын, корпоративтік басқару жүйесінің экономика саласындағы маңыздылығы сол, халықаралық тиісті деңгейдегі корпоративтік басқару жүйесінің болмауынан кәсіпорындар мен ұйымдар қор биржасы арқылы қаржы тарта алмайтындығын алға тартады. Корпорация заңды тұлғаның ұйымдық құқықтық нысаны ретінде қарастырылмағандықтан, корпорация акционерлік қоғамдармен теңдестіріледі. Сол себепті, корпоративтік құқық ұғымын талдау барысында бұл құқық саласын акционерлік қоғамдардың қызметімен байланыстыру қажет. Акционерлік қатынастар акционерлердің басқаруға және пайданы бөлуге қатысуын қамтамасыз етеді. Корпоративтік қатынастарды дамыту стратегиясын жүзеге асыру құрылтайшылардың пайда табуға деген, сондайақ акциялардың бағасының өсуіне деген қызығушылықтарын көтеруге ықпал ететінін, мемлекет экономикасының тұрақтылығын қамтамасыз ету және тұтынушылардың банк өнімдеріне деген жағдайларын жақсартуға көмектеседі. Айта кету керек, дамыған нарықтық қатынастар жағдайында бір акцияға түскен табыс, компанияның бір акциясының нарықтық бағасына әсер ететін ең маңызды көрсеткіштердің бірі болып табылады, ол өкілетті статистикалық зерттеулермен дәлелденген. Мемлекеттің дамуының негізгі басымдықтарының бірі – қаржы сауаттылығы болып табылады. Халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру бағдарламаларын жетілдіру мәселесі Мемлекет басшысының Жолдауларында да айтылып жүр. Ұлттық банк, Қор биржасы, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі бүгінде бұл жұмыстарды атқарып жатыр, алайда облыстарда, аймақтарда қаржы сауаттылығы мәселесі әлі де төмен. Азаматтық құқық доктринасында «корпорация» ұғымына қатысты ғалымдардың ұсыныстарының саны жетіп артылады. Бұл термин Қазақстанға келіп, енді қолданыла бастады, себебі «корпорациялар» құқықтық категория ретінде англо-саксондық құқық жүйесінде көбірек танымдылыққа ие. Сондықтан корпоративтік даулардың пайда болу кезеңдерін талдау және қарастыру үшін мәселенің тарихына жүгіну қажет деп санаймыз, сонымен қатар «корпорация» ұғымының мағынасын түсіну қажет. Жаһандану жағдайында корпорациялар негізгі шаруашылық жүргізуші субъектілерге айналатын экономикалық ортаны құрайды. Осыған байланысты корпорацияларды басқару істері, әсіресе корпоративтік дауларды шешу істері ерекше назар аударуды қажет етеді. Процесс үшін корпоративтік даудың маңыздылығын бағалау акционерлік қоғамдарды дамыту үшін бұл институт бірден сындарлы және деструктивті функцияларды орындай алатындығын атап өткен жөн.

Корпоративтік дауларды басқару, шаруашылық жүргізу бұл акционерлердің не қатысушылар мен заңды тұлғалардың басқару органдарының араларында туындаған үлкен келіспеушіліктер деп қарастыруға болады. Тұтастай алғанда, корпоративтік даулардың нысаны мүлік және оған қатысты дауларды құрайды. Іс жүзінде корпоративтік дауларға мемлекет көп жағдайда қатыспайды, аталмыш даулар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес реттеліп, тәжірибеде корпоративтік даулардың 74% мамандандырылған экономикалық соттарда қаралады. Бүгінгі таңда корпоративтік даулар қазақстандық бизнес алаңында өзектілікке ие және де сот органдарында корпоративтік санаттағы істердің саны едәуір арта түсуде.

Талқылаулар мен нәтижелер: Алдымен, корпоративтік құқықтық қатынастар саласына тоқталмас бұрын «корпорация» сөзінің ұғымына тоқталу қажет. Бұл терминнің алғашқы түсінігі римдік жеке құқықта келтірілген. «Корпорация» латын тілінен «corporatio» «қоғам, одақ, кәсіптік немесе таптық мүдделер қауымдастығымен біріктірілген адамдардың жабық тобы» дегенді білдіреді. Қазіргі халықаралық жеке құқықтағы «корпорация» термині әртүрлі ұйымдық-құқықтық нысандары бар капиталдың кәсіпкерлік бірлестіктері деп түсінілетін ұжымдық ұғым ретінде қарастырылады. Белгілі заңгер ғалым Ю.Г. Басин «корпорация – құқық теориясы мен құқықтық практикаға да белгілі ұғым» деп қарастырады. Шетел заңнамаларында корпорация заңға сәйкес тұлғалардың ұйымы ретінде құрылған заңды тұлға түсініледі. Ал, ұлттық заңнамада корпорация заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысанының бір түрі ретінде емес, орнына акционерлік қоғаммен байланыстырылады. Акционерлік қоғам – өз қызметін жүзеге асыру үшін қаражат тарту мақсатымен акциялар шығаратын заңды тұлға танылады. Кейбір ғалымдар «корпоративтік құқық кәсіпкерлік құқықтың институты болып табылады және корпорацияларды құру, олардың қызметін реттеуге қатысты туындайтын қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған нормалар жиынтығы» деп санайды. Корпоративтік қатынастар бұл шаруашылық субъектілерін құру және олардың қызмет етуімен байланысты жүзеге асырылатын қоғамдық қатынастар. Корпоративтік қатынастар заңды тұлғаның ішінде туындайтын қоғамдық қатынастарды, яғни қоғамды басқару, олардың қызметіне байланысты акционерлердің құқықтары, сондай-ақ, корпорацияның заңды тұлға ретіндегі кәсіпкерлік қызметімен байланысты қатынастарды реттейді. Корпоративтік құқықтық нормалар, біріншіден, шаруашылық субъектілерінің құқықтық мәртебесі мен оларды құруды анықтауға, екіншіден, шаруашылық субъектілерінің қызмет ету тәртібін анықтауға негізделген.

Корпоративтік құқықтық қатынастардың субъектілеріне корпорация, қоғамның басқару органы, қоғамның құрылтайшылары және корпоративтік хатшы жатады. Корпоративтік хатшының құзыреті қоғамның ішкі құжаттарында айқындалады. Корпорацияның ішкі қатынастарын реттейтін негізгі құжат ол – құрылтай шарты болып табылады. Құрылтай шарты әрбір құрылтайшының шартқа қол қоюы арқылы жазбаша нысанда жасалатын құжат. Егер жалғыз құрылтайшы болса, онда оның шешімі жазбаша нысанда ресімделеді. Құрылтай шартындағы мәліметтер коммерциялық құпия болып табылады. Құрылтай шарты мемлекеттік органдарға, сондай-ақ үшінші тұлғаларға қоғамның шешімі бойынша не Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жағдайларда ғана берілуге тиіс.

Қазіргі таңда елімізде корпоративтік қатынастар даму үстінде және бұл қатынастар нарықтық қатынастармен қатар дамиды. Корпоративтік құқық азаматтық құқық саласының бір бөлігі болып табылғандықтан, осы құқық саласының азаматтық құқық жүйесінде алатын орнын анықтау қажет. Қазіргі уақытта ғылыми доктринада, құқықтың жекелеген көздерінде және сот актілерінде корпоративтік қатынастар субъектілері, оның ішінде акционерлік құқықтық қатынастар арасындағы келіспеушіліктерді, дауларды және қарсылықты анықтау үшін «корпоративтік даулар» термині қолданылады. Біздің заңнамада «корпоративтік даулар» ұғымы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне корпоративтік дауларды шешу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 5 шілдедегі Заңы қабылданғанға дейін болған емес, онда

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 24-бабының екінші бөлігі жаңа редакцияда баяндалған. Заң шығарушы корпоративтік дауларға заңды тұлғалар арасындағы даулар (коммерциялық емес ұйымдар арасындағы дауларды қоспағанда), сондай-ақ заңды тұлға және (немесе) оның акционерлері (қатысушылары, мүшелері) тарапы болып табылатын даулар жатады: 1) заңды тұлғаны қайта ұйымдастыруға немесе таратуға байланысты даулар; акционерлердің (қатысушылардың, мүшелердің) мүдделерін қозғайтын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және (немесе) заңды тұлғаның құрылтай құжаттарында белгіленген мәмілелер жасау тәртібін бұзуға байланысты заңды тұлға органдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) дау айту туралы заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының, мүшелерінің) талаптарынан туындайтын даулар; акцияларға және өзге де бағалы қағаздарға құқықтарды ескерумен байланысты бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушылардың қызметінен туындайтын даулар; 4) акциялар шығарылымын, сондай-ақ Эмитенттің акцияларды орналастыру, сатып алу, сатып алу процесінде жасалған мәмілелерді мемлекеттік тіркеуді жарамсыз деп тануға байланысты даулар. Сонымен қатар, 1998 жылғы 22 сәуірдегі № 220 «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» ҚР Заңының 34-бабында серіктестікке қатысушының үлесін сот тәртібімен мәжбүрлеп сатып алу, серіктестікке қатысушының және серіктестіктің өзі кінәлі қатысушы келтірген зиянды өтеуді талап ету құқығы, қатысушының өз қатарынан шығуын талап ету құқығы көзделген. Алайда, заңның қолданыстағы редакциясы мұндай дауларды корпоративтік даулар санатында деп санамайды. Осыған байланысты, заңдағы бұл олқылықты АПК-нің 24- бабы 2-тармағының 2-абзацын «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» ҚР Заңының 34-бабында көрсетілген даулардың түрін баяндай отырып, 5) тармақшамен толықтыра отырып ғана жоюға болады.

Қазіргі уақытта ғылыми доктринада, құқықтың жекелеген көздерінде және сот актілерінде корпоративтік қатынастар субъектілері, оның ішінде акционерлік құқықтық қатынастар арасындағы келіспеушіліктерді, дауларды және қарсылықты анықтау үшін «корпоративтік даулар» термині қолданылады. Біздің заңнамада «корпоративтік даулар» ұғымы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне корпоративтік дауларды шешу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 5 шілдедегі Заңы қабылданғанға дейін болған емес, онда Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 24-бабының екінші бөлігі жаңа редакцияда баяндалған.

Заң шығарушы корпоративтік дауларға заңды тұлғалар арасындағы даулар (коммерциялық емес ұйымдар арасындағы дауларды қоспағанда), сондай-ақ заңды тұлға және (немесе) оның акционерлері (қатысушылары, мүшелері) тарапы болып табылатын даулар жатады:

- 1) заңды тұлғаны қайта ұйымдастыруға немесе таратуға байланысты даулар;
- 2) акционерлердің (қатысушылардың, мүшелердің) мүдделерін қозғайтын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және (немесе) заңды тұлғаның құрылтай құжаттарында белгіленген мәмілелер жасау тәртібін бұзуға байланысты заңды тұлға органдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) дау айту туралы заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының, мүшелерінің) талаптарынан туындайтын даулар;
- 3) акцияларға және өзге де бағалы қағаздарға құқықтарды ескерумен байланысты бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушылардың қызметінен туындайтын даулар;

Корпоративтік дауларды шешу кезінде соттар ҚР Азаматтық кодексінің, ҚР 02.05.1995 жылғы «Шаруашылық серіктестіктер туралы» Заңын, 05.10.1995 жылғы «Өндірістік кооператив туралы» Заңын, 22.04.1998 жылғы «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша серіктестіктер туралы» Заңын, 13.05.2003 жылғы «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңның нормаларын, сондай-ақ ҚР Жоғарғы Соты 10.07.2008 жылғы «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша серіктестіктер туралы заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулыны басшылыққа алады.

Жоғарыда аталған заңмен қатар ҚР АПК-нің 30-бабына өзгерістер енгізілді, осыған байланысты корпоративтік даулар тек мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттардың қарауына жатқызылады. Ал, бұған дейін мұндай даулар жеке немесе заңды тұлғалар дау тараптарының мәртебесіне байланысты аудандық және экономикалық соттарда көзделген болатын. Заңды тұлғалардың көпшілігінде оның қатысушылары (акционерлері, мүшелері) жеке тұлғалар болғандықтан, мұндай дауларды негізінен аудандық(қалалық)соттар шешіпкелді. Даудың соттылығы туралы мәселелерді шешкен кезде экономикалық соттарға коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға қатысты корпоративтік даулар ғана қарастырылатындығын ескеру қажет. Коммерциялық емес ұйымдардың қатысушылары (мүшелері) арасындағы даулар корпоративтік дауларға жатпайды, сондықтан мұндай даулар аудандық (қалалық) соттарда шешілуге жатады. ҚРАПК 24-бабының екінші бөлігінде корпоративтік дауларға жатқызылған талаптардың толық тізбесі қамтылады.

Корпоративтік дауларды талдаудан көретініміздей, корпоративтік даулардың екі түрін өзекті деп тануға болады, олар, қатысушының қатысушылардың жалпы жиналыстары шешімдерінің заңдылығына дау айтуы және қатысушының серіктестік жасаған мәмілелердің дауласуы болып табылады. Мұндай дауларды шешу кезінде мәмілені жасасушы заңды тұлғаның атқарушы органының өкілеттіктерін шектеу туралы мәміледе Тараптың білгені немесе білуі туралы мән-жайдың анықталуы белгілі бір қиындық тудырады. Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында ұлттық заңнаманы жетілдіруде келесідей шешімдерге келуге болады: 1. ҚР «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» ҚР Заңының 2- тармағының 52-бабынан талапкердің атқарушы органның құзыретінде қандай да бір шектеулердің болуы туралы мәміледе екінші Тараптың хабардар болуы туралы мән- жайларды дәлелдеу қажеттілігі туралы ережені алып тастау ұсынылады. 2. «Рейдерлік» (бизнесті немесе құнды объектілерді басып алу) жағдайларын болдырмау мақсатында – заңды тұлғаның атқарушы органының мәміледе екінші Тараптың өкілдерімен, органның жарғылық құзыретін бұза отырып мәміле жасау кезінде немесе заң актілерінде немесе құрылтай құжаттарында белгіленген мүлікті иеліктен шығаруға басқа да тыйым салуларды айналып өту кезінде зиянды келісім жағдайларын болдырмау мақсатында ҚР Азаматтық кодексінің және «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша серіктестіктер туралы» ҚР Заңының нормаларын өзгерту қажет деп есептейміз.

Қазіргі уақытта ғылыми доктринада, құқықтың жекелеген көздерінде және сот актілерінде корпоративтік қатынастар субъектілері, оның ішінде акционерлік құқықтық қатынастар арасындағы келіспеушіліктерді, дауларды және қарсылықты анықтау үшін «корпоративтік даулар» термині қолданылады. Біздің заңнамада «корпоративтік даулар» ұғымы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне корпоративтік дауларды шешу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 5 шілдедегі Заңы қабылданғанға дейін болған емес, онда Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 24-бабының екінші бөлігі жаңа редакцияда баяндалған. Заң шығарушы корпоративтік дауларға заңды тұлғалар арасындағы даулар (коммерциялық емес ұйымдар арасындағы дауларды қоспағанда), сондай-ақ заңды тұлға және (немесе) оның акционерлері (қатысушылары, мүшелері) тарапы болып табылатын даулар жатады:

- 1) заңды тұлғаны қайта ұйымдастыруға немесе таратуға байланысты даулар;
- 2) акционерлердің (қатысушылардың, мүшелердің) мүдделерін қозғайтын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және (немесе) заңды тұлғаның құрылтай құжаттарында белгіленген мәмілелер жасау тәртібін бұзуға байланысты заңды тұлға органдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) дау айту туралы заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының, мүшелерінің) талаптарынан туындайтын даулар;
- 3) акцияларға және өзге де бағалы қағаздарға құқықтарды ескерумен байланысты бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушылардың қызметінен туындайтын даулар;

Корпоративтік дауларды шешу кезінде соттар ҚР Азаматтық кодексінің, ҚР 02.05.1995 жылғы «Шаруашылық серіктестіктер туралы» Заңын, 05.10.1995 жылғы «Өндірістік кооператив туралы» Заңын, 22.04.1998 жылғы «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша серіктестіктер туралы» Заңын, 13.05.2003 жылғы «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңның нормаларын, сондай-ақ ҚР Жоғарғы Соты 10.07.2008 жылғы «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша серіктестіктер туралы заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулыны басшылыққа алады.

Жоғарыда аталған заңмен қатар ҚР АПК-нің 30-бабына өзгерістер енгізілді, осыған байланысты корпоративтік даулар тек мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттардың қарауына жатқызылады. Ал, бұған дейін мұндай даулар жеке немесе заңды тұлғалар дау тараптарының мәртебесіне байланысты аудандық және экономикалық соттарда көзделген болатын. Заңды тұлғалардың көпшілігінде оның қатысушылары (акционерлері, мүшелері) жеке тұлғалар болғандықтан, мұндай дауларды негізінен аудандық (қалалық) соттар шешіп келді. Даудың соттылығы туралы мәселелерді шешкен кезде экономикалық соттарға коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға қатысты корпоративтік даулар ғана қарастырылатындығын ескеру қажет. Коммерциялық емес ұйымдардың қатысушылары (мүшелері) арасындағы даулар корпоративтік дауларға жатпайды, сондықтан мұндай даулар аудандық (қалалық) соттарда шешілуге жатады. ҚРАПК 24-бабының екінші бөлігінде корпоративтік дауларға жатқызылған талаптардың толық тізбесін қамтылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Баженов С.В. Исторические корни понятия «корпорация» в правовой сфере Древнего Рима // Журнал «Современные проблемы науки и образования». – 2008. – №6.
2. Концепция развития корпоративного законодательства Республики Казахстан (Министерство юстиции РК, март 2011 года).
3. Басин Ю.Г. Коммерческие корпоративные отношения и юридическая ответственность. В издании «Басин Ю.Г. Избранные труды по гражданскому праву». – Алматы: АЮ-ВШП «Адилет», НИИ частного права КазГЮУ, 2003. – С. 135.
4. Корпоративное право: учебное пособие под ред. И.А. Еремичева, Е.А. Павлова, ЮНИТИ- ДАНА; Закон и право, 2012 г.- 499 с.
5. Акционерлік қоғамдар туралы 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-II Қазақстан Республикасының Заңы (2023.01.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі (Жалпы бөлім) (2022.24.11. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).
6. «Шаруашылық серіктестіктері туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 2 мамырдағы № 2255 Заңы (2021.24.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен).
7. «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер жөніндегі заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2008 жылғы 10 шілдедегі № 2 Нормативтік Қаулысы (2018.29.06. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).